

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 202 – 208

UDK 32.019.52

**M. O. Nassimov, B. Zh. Paridinova**

University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan,  
E-mail: nasimov\_m@mail.ru

## **NATIONAL IDENTITY: ESSENCE AND BASIC CONCEPTS**

**Abstract.** In modern society formation national identity and its introduction in consciousness of citizens became object of activity scientists, politicians, ideologists, representatives of art and literature. Recently in many scientific works the concept national identity even more often meets. Therefore a subject of article is the question of the national identity considered in the social humanities.

In program article «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» President of Kazakhstan are accurately reflected understanding of national identity as basis and the base of modernization. Leader of the Nation gives a historical assessment to complexity destiny our people. One of rules of modernization of new type has designated preservation of a national code and national culture.

The article examines the concept of national identity an interdisciplinary nature. It summarizes essence and basic concepts important theories of national identity. Assesses the role national identity in the modern world. Is considered scientific works on different aspects of this subject.

**Keywords:** identity, types of identity, globalization, national consciousness, sociocultural process.

ӨОЖ 32.019.52

**М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова**

«Болашак» университеті, Қызылорда, Қазақстан,

## **ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК: МӘНІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ**

**Аннотация.** Қазіргі заманғы қоғамда ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және азamatтар санасына енгізуға ғалымдар, саясаткерлер, идеологтар, өнер мен әдебиет өкілдерінің кәсіби қызметі болып табылады. Соңғы кезде қөптеген ғылыми жұмыстарда ұлттық бірегейлік мәселесі жиі кездеседі. Сондықтан мақала тақырыбында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда қарастырылатын ұлттық бірегейлік мәселесі түр.

Қазақстан Республикасының Президенті «Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық бірегейлік жаңғырудың негізі және іргесі ретінде түсіндірледі. Ұлт көшбасшысы халқының тағдырының күрделілігіне тарихи баға береді. Жаңғырудың жаңа түрі ережесінің бірі ретінде ұлттық код пен ұлттық мәдениеттің сактауды ұсынды.

Макала ұлттық бірегейлік түсінігін пәнаралық сипатта қарастырылады. Ұлттық бірегейлікке байланысты маңызды теориялардың мәні мен негізгі түсініктері жиынтықталды. Ұлттық бірегейліктің қазіргі әлемдегі рөлі ашылды. Тақырып бойынша түрлі аспектілердегі ғылыми еңбектер қарастырылды.

**Тірек сөздер:** бірегейлік, бірегейлік түрлері, жаһандану, ұлттық сана-сезім, әлеуметтік-мәдени үдеріс.

**Кіріспе.** Жаһандану үдерістерімен байланысты заманауи әлеуметтік кеңістіктегі терен және жылдам өзгерістер ұлттық бірегейлік мәселесіне қатысты кейбір сұрақтарды күштейтті. Баршамыз өмір сүріп отырған қазіргі кезеңнің өркениеттік көрінісі кеңістігін әлемдік қауымдастықтың жаңа келбетін қалыптастыратын өзгерістер мен әлемдік күйзелістер, болмыстық ауытқулар секілді мәселелермен сипаттауға болады. Бұғанде

ұстемдік ететін өркениеттік процестерге жаһандану үдерісінің ықпалы зор деп ойлаймыз. Қарама-қайшылықтарға толы және оның бір мағыналы емес сипаттарты ұлттық бірігейлік мәселелесін күрделендіре тусты. Сондыктан бірегейлік түсінігі қазіргі заманғы қоғамдық ойлардың маңызды тақырыбы.

Қазақстан Республикасының Президенті «Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты бағдарламалық мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғырудың үшінші бағыты ретінде ұлттық бірігейлікті сактауды ұсынды. Ұлттық жаңғыру ұғымының ұлттық санаңың кемелденуін білдіретін-дігін дәйектей келе, оның екі қырына назарымызды аудартты: «Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиеңін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту».

Бағдарламалық мақалада: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралыла-рымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәнгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының қүйлері, ғасырлар койнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздін рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - деп атап көрсетті.

Ұлт көшбасшысы қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалайтындығын айтады: «Бірінші – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екінші – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің көрсеткішінан түстарынан бас тарту керек».

Сонымен қатар, осыдан екі жыл бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасының негіздері мына қафидаттарға сүйенеді: 1) негізгі бағыт – ел Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы; 2) «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының біріктіруші құндылықтары – азаматтық тенденция, енбексүйгіштік, адалдық, ғылым мен білімге құрмет, зайырлы ел; 3) қазақстандық бірегейлік пен бірліктің іргетасы – мәдени, этностық, тілдік және діни әралуандылыққа негізделген жалпыұлттық құндылықтар; 4) қазақстандық бірегейлік пен бірлік – ұрпактан ұрпакқа үзілмей жалғасатын процесс. Ол әрбір азаматтың этностық тегіне қарамастан өзінің тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстыруына негізделеді. Ортақ тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, болашаққа деген ортақ жауапкершілігіміз қоғамды біртұтастыққа бастайды: «Біздің бір ғана атамекеніміз, бір ғана Отанымыз бар – ол Тәуелсіз Қазақстан». Бұл таңдаудың мәнін ұғыну – бірігудің басты негізі [2].

Ғылыми-зерттеу жұмысында Елбасының бағдарламалық мақаласын басты назарда ұстай отырып, жалпы бірегейлік ұғымының, оның ішінде ұлттық бірігейлік түсінігінің ғылыми аппаратын айқындауға тырыстық. Түсінікті ғылыми тұрғыдан талдай отырып, оның қазіргі заманда туындалған кейбір мәселелеріне назар аударуды жөн көрдік.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректерін мәселелеге арналған теориялық-тәжірибелік енбектер құрайды. Зерттеу жұмысы барысындағы інтижелерді алу үшін Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, сөздіктердегі анықтамалар, алыс және жақын шет елдік, отандық ғалымдар зерттеулерлері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін пайдалану негізінде салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері есепті.

**Зерттеу інтижелері және талқылау.** «Бірегейлік» (identitas) ұғымы классикалық латын тілінің «idem» сөзінен шықкан және «дәл өзі» дегенді білдіреді. Сөзбе-сөз аударғанда «identity» екі мағына береді: тану және ұқсас. Философияда аталмыш термин Д. Локк пен Д. Юм енбектерінде кездесті және модерн кезеңіндегі дараландыру процесінде колданылуымен байланыстырылады. Іс жүзінде бірегейлік – бұл адам мен мәдениет сәйкестілігінің анықталған түрі [3].

Америкалық психолог Э. Эрикссон [4] өткен ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға енгізген бірегейлік мәселесі пәнаралық зерттеулер нысаны болып табылады. Өзінің пәнаралық ерекшеліктеріне байланысты әр ғылым саласы, әр ғалым әр түрлі түсіндіреді. Мәселен, философия ғылымдарында ұғым болмыс пен сана үйлесімділігімен байланыстырылып, даралық, қарым-қатынастардың бірегейлік құрылымдарды қалыптастырудың ықпалы ретінде зерделенеді. Саяси ғылымдар алеуметтік және саяси тәжірибедегі адам психологиясының сипаттамалық белгілеріне назар аударады. Бірегейлік жеке немесе топтық өзін-өзі түйсінудің інтижелік сапасы ретінде түсіндіріледі. Психология ғылымдарында бірегейлік тұлға құрылымы мәнін иеленген сәйкестендіру процесіндегі психикалық тетік, мінез-құлықтың жаңа түрлерін иелену секілді пікірлер бойынша қарастырылады. Әлеуметтану ғылымдарында бірегейлікті зерттеу тұлға қызметінің әлеуметтік сипаты, әлеуметтену інтижесі және өзін-өзі танудың әлеуметтік тетіктерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

С.И. Ожеговтың сөздігінде «бірегей» ұғымына анықтама беріліп, бірегейлік түсінігі зат есім ретінде көрсетілген: «Ұқсас, толық іспеттес» [5].

Үлкен Совет Энциклопедиясы бойынша: «Бірегейлік (тепе-тен, біркелкі) – екі бұйымның немесе түсініктің дәл келуі, тепе-тендігі» [6].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бірегейлік «тандаулылық», «жақсылық», «бірқалыптылық» [7] деп көрсетіледі.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдығының IV томында бірегейлік «мандаіалдылық», «озғандық», «өзіндік ерекшелік» [8] деп түсіндіріледі. Ал XIV томда «Ұлттық тұтастық» ұғымына мынадай түсініктеме ұсынылады: «Белгілі бір ұлттың берік бірегейлігі» [9].

Қазіргі заманғы ғылымда әлемдік қауымдастықтың жедел өзгерістері шарттарындағы ұлттық бірегейлік мәселесі бойынша идеялар мен тәсілдер жоспарларын әзірлеу өзекті саналады. Батыс ғылымында ұлт пен ұлттық бірегейлік мәселесін зерттеудің үш әдісі ұсыналады: примордиалды; модернистік (инструментализм); конструктивистік.

Примордиалды әдіс теорияларында екі бағыт айқындалады: әлеуметтік-биологиялық және эволюциялық-тарихи. Бірінші бағыттың өкілдері ұлтты шынайылықтың объективтілігі, этнос дамуының жоғарғы кезеңі деп қарастырады. Екінші бағыт ұлтты әлеуметтік-тарихи қорініспен терең байланысты әлеуметтік қауымдастық ретінде көреді. Әдісті колдаушылар ұлттық бірегейлік түсінігін ұлттық рух, ұлттық мінез, ұлттың өзіндік сана-сезімі және ұлттық психология ұғымдарымен байланыстырады.

Модернистік әдіс өкілдерінің ұстанымдары бойынша ұлт ежелгі немесе табиғаттың мәңгі болмысы емес, ол экономикалық өзгерістер, индустріалды революциялар, қазіргі заманғы бюрократиялық мемлекеттер күру, жалпы стандартталған білім жүйесін қалыптастырудың өнімі болып табылады.

Конструктивистік әдіске сәйкес, жазушылар, ғалымдар мен саясаткерлердің интеллектуалды құрылымы. Әдіс өкілдері ұлтты «ойдағы қауымдастықтар» ретінде қарастырады. Азшылықты қалыптастырған ұлт өкілдері бір-бірін білмейді, бірақ әрқайсысында қауымдастық бейнесі ойда қалыптасқан. Осы тұрғыдан ұлт ойдағы ұлттық жолдың өнімі саналады.

Жалпы ғылыми әдебиеттердегі ұлттық бірегейлік құрылымының үш құраушысын бөліп көрсетуге болады: когнитивтік – өз тобының ерекшеліктері туралы түсініктерді білу және мүшелерінің этностық саралау белгілеріне сай сезінуі; аффективтік – өз тобының сапасын бағалау, мүшелікке қатынасы және осы мүшеліктің маңыздылығы; мінез-құлқытық – тек сезінудің шынайы тетігі ғана емес, айқындалған ұлттың мүшесі көрінісі мен оның әлеуметтік өмірге тартылуы [10].

Америкалық әлеуметтанушы әрі саясаттанушы С.Ф. Хантингтон бірегейлікті индивидтің немесе топтың өзіндік сана-сезімі ретінде дәйектейді. Бірегейлікті адам мінез-құлқын анықтауына байланысты маңызды деп есептейді. Галым бірегейлікке байланысты бірнеше түсініктерге ерекше мән береді.

Біріншіден, бірегейлікті индивидтер мен топтар иеленеді. Бұл ретте индивидтер бірегейлікті тек топтар арасында иеленеді және өзгерте алады. Әлеуметтік бірегейлік теориясы көрсеткендей, адамдардың бірегейлікке ұмтылысы бір-біріне дұшпан топтардың құндылықтар ізденісіне әкеледі. Индивид бір мезгілде бірнеше топтың мүшесі болуы мүмкін, сондықтан бірегейлікті «ауыстыру» мүмкіндігі болады. Топтық бірегейлік икемдірек болғандыктан алдын ала берілген параметрлерге негізделеді.

Екіншіден, жалпылама бірегейлік құрылымды сипаттайды. Адамдар жеке бірегейлігін өз қалауы, қажеттілігі немесе мәжбурлеу арқылы құрады. Бенедикт Андерсон ұлттарды «ойдағы қауымдастықтар» деп атаған. Андерсон пікірін өз ойымен айтқанда, бірегейлік ойдағы болмыс: біз өзіміз туралы не ойлаймыз, біз қайда ұмтыламыз.

Үшіншіден, индивидтер топтар секілді көптеген бірегейлікті иелене алады. Соңғысы «қандас», аумақтық, экономикалық, мәдени, саяси, әлеуметтік және ұлттық болуы мүмкін. Аталаған бірегейлік түрлерінің маңыздылығы индивидтер немесе топтар үшін уақыт, ахуалға байланысты өзгереді, бірегейліктің бұл түрлері бір-бірін толықтырады немесе қақтығысады.

Төртіншіден, бірегейлік нақты адам немесе топтың өзге адамдар немесе топтармен өзара қымылдары нәтижесіндегі «өзінділікпен» анықталады. Басқалардың қабылдауы адам немесе топтың өзін-өзі анықтауына елеулі ықпал етеді. Егер адам жаңа әлеуметтік топқа енсе, аластатылған ахуалын сезінеді және ол өзін бөтен адам ретінде есептеуі ықтимал. Егер ел тұрғындарының басым бөлігі өздерін азышылық ретінде есептесе, олар сол бірегейліктің белгігіне айналады [11].

Ағылшын зерттеушісі У. Блум ұлттық бірегейлік пен саяси мінез-құлқы ықпалының өзара байланыстарын қарастыра келе, өзара қатынастарының үш түрін атап көрсетеді: ұлттық бірегейлік ішкі саясаттың ресурсы ретінде; ішкі саясат ұлттық қалыптастыру қуралы ретінде; ұлттық бірегейлік мобилизацияланған мемлекеттік емес акторлармен ішкі саясатты айқындауды [12].

Неміс әлеуметтанушысы және саяси философы У. Бек: «Индивидтің тәжірибе кеңістігі бұдан былай ұлттық кеңістікпен сәйкес келмейді» [13], - деп атап көрсетеді. Оның пікірінше, ұлттық қауымдастықтар ішінде дамитын космополиттендіру сана мен бірегейлікті трансформациялайды. Космополиттендіру тамактану, өндіру, бірегейлік, үрей, жады, тағдыр секілді өзге де өмір-салтымен байланысты мәселелердің бүтінде ұлттық немесе жергілікті деңгейде қарастыруға болмайтындығын дәйектеді [13, 25, 38 бб.].

Психология ғылымдарының докторы, профессор Л.Б. Шнейдер бірегейлік тақырыбына байланысты заманауи зерттеулерді талдай келе, оның үш негізгі мазмұнын ерекшелейді: тұлғаның тұтастығы оның ықпалдастық қасиеті ретінде; адамның топка, жыныска, этносқа, тұқымға және өзге де категорияларға сәйкес келу дөрежесі; индивидтің өзіндігі, шынайылығы [14].

Ресей тарихшысы әрі саясаттанушысы К.С. Гаджисев пікірінше: «Ұлттық бірегейлік ішкі және сыртқы құраушыларды өзіне біріктіреді. Ұлттық бірегейлік үшін көріністің ішкі және сыртқы мәні, пішіні мен мазмұнының сәйкестілігі маңызды. Бірегейлікті ішкі сезіну терең-тендік, туыстық, жалпы негіз, біртұтас бастаулары ретінде түсіндіріледі [15].

Соңғы жылдары елімізде ұлттық бірегейлік мәселесіне байланысты көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жарыққа шықты. Әсіресе, отандық философия ғылымдарының өкілдері атамыш ұғым бойынша терең зерттеулер жүргізді [16, 17]. Сонымен қатар, бірнеше докторлық диссертациялар қорғалды [18, 19].

Философия ғылымдарының докторы, профессор Р.К. Қадыржанов өз еңбегінде еліміздегі ұлттық бірегейліктің төмөндегі мәселесіне назар аударды: «Қазак және қазақстандық бірегейлік Қазақстанның барлық тұрғындарын игеруге ұмтылады. Бұл жағдайда олар этникалық шекаралар мен ұлттан жоғары мазмұнды иеленген ұлттық бірегейлік мәртебесіне иеленуге үміттенеді. Ұлттық бірегейліктің маңызды сұрагы: Қазақстанның ұлттық мемлекеті қандай болуы керек, қазак немесе қазақстандық па дегенге қоғамда қалыптастанған консенсус жоқ. Біреулер Қазақстанның ұлттық мемлекеті қазак бірегейлігі болса десе, оны жоққа шыгаратындар сәйкесінше қазақстандық бірегейлікті ұсынады. Бірақ, ұлттық бірегейлік туралы тоқтам қоғам мүшелерінің көлісімінсіз мүмкін емес» [16, 14 б.].

Бұл мәселеге байланысты философия ғылымдарының докторы М.С. Шайкемелов мынадай пікір ұсынады: «Қазақстандық біргейлік – бұл бірегейліктің азаматтық қыры, ал қазак бірегейлігі – оның этникалық көрінісі. Қазак және қазақстандық терминдерінің ара қатынасы, әлеуметтік-мәдени құбыластарды жіктеу қолданысындағы белгісіздік заманауи қазақстандық идеология құрған екіжактылық ахуалдың көрсеткіші» [17, 181-182 бб.]

Әлеуметтік өзгерістер шапшандығының жеделдеуі шарттарында индивид үнемі бірін-бірі алмастыратын мәдени құндылықтар, әлеуметтік рөлдер, өмір салтын тольғын игеруге үлгермейді және нәтижесінде бірегейлік дағдарыска ұшырайды. Қоғамның тұрақты ахуалында адам анықталған мәдениеттің тасымалдаушысы және оның мәдени біргейлігінің дұрыстығына мән бермейді. Адамдар өзінің мәдениет субъектісі ретінде көзқарасы өзге әлеуметтік-мәдени топтар өкілдерімен қарым-қатынасқа түскенде, бөтен құндылықтар мен мінез-құлыш түрлерімен ұшырасқанда ойдана бастайды. Бұл ретте мәдени бірегейлік екі жақты қызмет аткарады: түрлі мәдениеттер өкілдері арасында бір-бірінің мінез-құлқын өзара болжай алады және қарым-қатынас процесін женілдетеді; қарама-қарсы салыстыру, қақтығыстар мен тайталастар тудырады.

Ғылыми әдебиеттерде мәдени, этникалық және ұлттық бірегейлік ұғымдарын жіктеуге байланысты түсініктер жоқ. Бір зерттеушілер әрбір индивид көптеген әлеуметтік-мәдени қауымдастықтардың мүшесі бола тұрып бірнеше бірегейлікті иеленеді және мәдени бірегейлікті көсібі, саяси, этникалық, аумақтық, діни, азаматтық түрлөрі ретінде қарастырады [20].

Ұлттық бірегейліктің іргелі құрамдасы ретінде мәдени әмбебаптылық, дүниетанымдық негіздер (ортак тіл, ұжымдық тарихи жады, діни және ғылыми түсініктер), әлеуметтік және мәдени нормалар, ұлттық сипат пен мұдделер, ұлттық сана-сезім мен этноұлттық бейнелер, ұлттық дәстүрлер мен аныздар, нышандар, мұраттар мен мінез-құлыш стереотиптерін біріктіретін әлеуметтік-мәдени негізделуі саналады. Өзінің табиғатына қарай әлеуметтік-мәдени үдеріс қарама-қайшылыққа толы. Өйткені ол екі түрлі бағытты ұстанады: сактау және дамыту. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар, тарихи дәстүрлер мен қағидаларды сактау тұлғаның әлеуметтенуін, ұрпақтар арасындағы өзара қымылдар мен руханият көрсеткіштері, әлеуметтің белсенді толықтырылуын камтамасыз етеді. Түрлі факторлар ықпалындағы берілген үдерістің дамуы бір жағынан үдемелі әлеуметтік-мәдени өзгерістерді жүзеге асырса, екінші жағынан оның қызметіне кері әсерін береді. Тұрақты тарихи даму шарттарындағы әлеуметтік-мәдени негіздер ұлттың өз бірлігін bekiteuge, халықаралық байланыстарды көнектіруге, өз азаматтарының өмір сапасын, рухани және әлеуметтік дамуын жетілдіреді.

Дегенмен, ірі көлемдегі әлеуметтік құйзелістер кезеңінде әлеуметтік-мәдени құрамдастарда жағымсыз өзгерістер жүзеге асады. Азаматтардың ұлттық-мәдени өзін-өзі тануын көрсететін өткеніміз туралы естеліктер бұрмаланады, тарихи дәстүрлер өзгерістерге ұшырайды, тіл ластанады, санада дүниетанымдық көзқарастар бұлінеді, құндылық бағыттарындағы қарама-қайшылықтар күшееді, жауларды іздеу және бейнесін құрылымдау көнееді, үстемдік ететін мұраттар мен құндылықтарға тұнілу қалыптасады, биліктің саяси институттарына сенім азаяды. Посткенестік елдердің (Балтық елдері, Грузия, Украина, Молдова) тарихи тәжірибесі берілген тезистерді дәлелдейді. Мұндай ірі көлемдегі әлеуметтік құйзелістер әлеуметтік революциялар мен саяси режимдердің ауысуына әкелуімен қатар, әсіресе, жастар арасындағы ұлттық бірегейлік дағдарыстарына әкеледі [21].

Соңғы онжылдықтарда ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттеуші көптеген ғалымдар тілдің бірегейлікті қалыптастырудың айқындауши маңыздылығына байланысты еңбектері құрайды. Бірқатар саясаттанушылар,

мәдениеттанушылар, тарихшылардың пайымдаулары бойынша ұлттық тілдің болуы ұлттық идеологияның негізін қалайды. Сонымен қатар, өзге ғалымдар ұлттық тілдер халықтардың ұлттық идеология мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыру нәтижесінде құрылды деп есептейді. Мысал ретінде Британ аралдарындағы көптеген ғасырларға созылған жергілікті диалекттерді ығыстыру ұсынылған (германдық немесе кельттік) тілдік кеңістіктің қалыптасуын айтуымызға болады. Тек Қайта Өрлеу дәуірі мен Жаңа кезеңде халық ағылшын, ирланд, шотланд, валлий тілдерінің жазба нұскаларын (әдеби) жасады. Шотландияда гээль және шотланд екі бөлек тілдердің қатар қолданыста болуы тілдік ұлтшылдық пен ұлттық сана-сезімнің дамуына тоқсауыл болды. Сондықтан ұлттық тіл мен ұлттық сана-сезімді құру өзара байланысты болып табылады [22].

Сонымен қатар, халықаралық қатынастарда көрініс табатын бірегейліктің кейбір түрлеріне мән берсек. Позитивтік бірегейлік қауіпсіздік пен тұрақтылық сезімін береді. Негативтік бірегейлік сапасыздық сезімін және кейде өз халқының өкілдеріне ұлттық тудырады. Таңылған бірегейлік Ортағасырлардағы секілді адам дүниеге келгеннен бастап діні және сословиелік қатыстылығына, кәсібі мен экономикалық дәрежесіне байланысты бірегейлігі белгіленетін қоғамның ішкі құрылымына бағытталады. Иеленетін бірегейлік адамның қажетті таңдауына сай қабылдауы және бұл заманауи постиндустриалды қоғамға тән құбылыс. Мономәдениеттік бірегейлік өзін бір мәдениетпен байланыстырады. Бимәдениеттік бірегейлік екі азаматтығы бар адамдарға тиесілі. Евроодақ секілді ұлттан жоғары тұратын қауымдастық тұрғындарында космополиттік бірегейлік қалыптасады [23].

Осы жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Президент жаңындағы Қоғамдық сананы жаңғыру бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияны құру туралы Жарлыққа [24] қол қойды. Ұлттық комиссияның алғашкы отырысында жұмыс топтарының жетекшілері белгілі болды: Мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру жөніндегі жұмыс тобын Тіл білімі институтының директоры Е. Қажыбек; «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша жұмыс тобын Білім және ғылым министрі Е. Сағадиев пен «Wikibiliim» қоғамдық қоры камкоршылар кеңесінің төрағасы Р. Кенжеканұлы; «Тұған жер» жобасы бойынша жұмыс тобын Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары О. Оразалин мен Еуразия ұлттық университеттің ректоры Е. Сыдыков; «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша жұмыс тобын Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы мен Тарих және этнология институтының директоры Х. Әбжанов; «Жаһандығы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша жұмыс тобын Президент Әкімшілігі Ишкі саясат бөлімінің менгерушісі А. Балаева мен Сыртқы істер министрі Қ. Әбдірахманов; «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасы бойынша жұмыс тобын ҚХА Хатшылығының менгерушісі Д. Мыңбай мен Ақпарат және коммуникациялар министрі Д. Абаев баскаратын болды [25]. Міне, осы комиссияның алдағы уақыттағы жүйелі жұмысы және халықтың колдауы ұлттық біргейлікті нығайтатын нәтижелерге әкеледі деп ойлаймыз.

**Қорытынды.** Заманауи зерттеулерге сәйкес бірегейлік адамның бүкіл өмірін қамтитын, түрлі ауыртпалықтардан өтетін, озық немесе кертартпалық бағыттарда жүрүі ықтимал өзгермелі құбылыс. Бірегейлік өз табиғатына байланысты әлеуметтік сипатқа ие. Өйткені, ол азаматтардың өзара қатынастары шенберінде қалыптасады және оның өзгерістері әлеуметтік ахуалдар нәтижесінде жүзеге асады.

Мәселе бойынша көптеген іргелі енбектердің болуы қарастырылып отырған ұғымға қатысты зерттеушілер белсенделілігін айқындайды. Галымдар түсінікті қарастыру барысында жан-жактылықты ұстанады. Әрбір тұжырымдар айқындалған дәлелдерден тұрғанымен, бірегейлік күрделі ұғымына байланысты ортақ түсініктің жоқтығын да айта кеткеніміз жөн. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында мәселе бойынша көптеген түсініктер қалыптасқанымен, жүйелеуді қажет ететін көлемді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыра түсү қажет деген ойдамыз.

Дәйектелгендей, ұлттық бірегейлік тарихи, саяси, экономикалық, әлеуметтік, географиялық, рухани, құқықтық, діні наым, идеология салаларындағы көптеген ішкі және сыртқы әсерлер ықпалында қалыптасады. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үдерісінде әлеуметтену ерекше орын алады деп ойлаймыз. Өйткені, адам бойындағы құндылықтар мен қағидалардың дамуына отбасы, білім беру жүйесі, діни орындар, әскери қызмет, бұқаралық акпарат құралдары сынды әлеуметтік институттар жүзеге асырады. Сондықтан атапған әлеуметтік институттардың адами тәрбие берудегі қымылдарына ерекше назар аударғанды жөн санаймыз.

Халық пен ел өз біргейлігі болған жағдайда ғана толыққанды өмір сүре алады. Ал ұлттық біргейлік құндылықтарын қалыптастыру ұлттық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрсіз мүмкін емес. Бүтінгі құбылмалы заманда ұлттық біргейліктің құраушы негізі өлігі ретінде дәстүрлерді сактау деп ойлаймыз. Сондықтан жаһанданудың алдына қойып отырған ауқымды міндеттері ұлттық-мәдени байлығымызды жоюына жол бермеуіміз қажет.

## ӘДЕБІЕТ

[1] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егemen Қазақстан. - 2017. - 12 сәуір.

[2] Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. - // [Электрондық ресурс]. – Көрү режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000147>

- [3] Сапожникова Р.Б. Анализ понятия «Идентичность»: теоретические и методологические основания // Вестник Томского государственного педагогического университета. Серия психология. – 2005. - №1 (45). – С. 13-14.
- [4] Erikson E (1968) Identity: Youth and crisis. New York, Norton & co., Cop., USA.
- [5] Ожегов С.И. Словарь русского языка. Okolo 53 000 слов. Izd. 7-e, stereotip. – M.: Sov. Jenciklopedija, 1968. – C. 232. – 900 c.
- [6] Болыш Советская Энциклопедия. (В 30 томах). // Гл. ред. А.М. Прохоров. – M.: Советская Энциклопедия, 1973. – T. 10. – С. 39. – 592 с.
- [7] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанузаков. – A.: Дайк-Пресс, 2008. – 167 б. – 968 б. – ISBN: 9965-798-99-0.
- [8] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. Н. Әшімбаева, С. Ақаев, К. Рысбергенова және т.б. – T. IV. – A.: Арыс, 2007. – 164 б. – 752 б. – ISBN: 9965-17-351-6.
- [9] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. М. Малбаков, К. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – T. XIV. – A.: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 718 б. – 800 б. – ISBN: 9965-893-60-8.
- [10] Никифорова П.Г. Проблема национальной идентичности в условиях глобализации // Вестник Башкирского университета. – 2008. – Том 13. - №2. – С. 382-384.
- [11] Хантингтон С. Кто мы?: Вызовы американской национальной идентичности. / Пер. с англ. А. Башкирова. - M.: Издательство АСТ; Транзиткнига, 2004. – С. 51-53. - 635 с. – ISBN: 5-17-024800-8 (Издательство АСТ); ISBN: 5-9578-1030-4 (Транзиткнига).
- [12] Bloom W (1999) Personal Identity, National Identity and International Relations. Cambridge University Press, England. ISBN: 0-521-37316-6.
- [13] Бек У. Космополитическое общество и его враги // Журнал социологии и социальной антропологии. – 2003. – T. 6. - №1. – С. 38.
- [14] Шнейдер Л.Б. Профессиональная идентичность. – M.: МОСУ, 2000. – С. 5. - 256 с. – ISBN: 5-89774-023-2.
- [15] Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект // Вопросы философии. – 2011. - №10. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://yphil.ru/index.php?option=com\\_content&task=view&id=400&Itemid=52](http://yphil.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=400&Itemid=52)
- [16] Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. – A., 2014. – 168 с. – ISBN: 978-601-304-037-0.
- [17] Шайкемелов М.С. Казахская идентичность. – A., 2014. – 272 с. – ISBN: 978-601-304-002-8.
- [18] Оспанов Т.Т. Национальная идентичность казахов: социально-философский анализ. – Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). – КазНУ им. аль-Фараби, 2016. – 124 с.
- [19] Токтаров Е.Б. Роль Интернета в трансформации национальной идентичности казахстанцев (социально-философский анализ). – Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). – КазНУ им. аль-Фараби, 2016. – 132 с.
- [20] Русских Л.В. Идентичность: культурная, этническая, национальная // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия «Социально-гуманитарные науки». – 2013. – Том 13. - №2. – С. 178-179.
- [21] Маргулян Я.А. Социокультурные факторы укрепления национальной идентичности // Труды Санкт-Петербургского государственного института культуры и искусства. – 2015. - Том 206, Социология культуры: опыт и новые парадигмы. – Часть 1. – С. 172.
- [22] Кузнецова Е.В. Язык и национальная идентичность // Омский научный вестник. Серия «Общество. История. Современность». – 2011. - №3 (98). – С. 102.
- [23] Кочетков В.В. Идентичность в международных отношениях: теоретические основы и роль в мировой политике // Вестник Московского университета. Серия 25. Международные отношения и мировая политика. – 2010. - №1. – С. 8-9.
- [24] Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Егemen Қазақстан. – 2017. – 20 сәуір.
- [25] Ұлттық комиссияның алғашқы отырысы етті // Егemen Қазақстан. – 2017. – 27 сәуір.

## REFERENCES

- [1] Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru. *Egemen Kazahstan*, 2017. 12 sauir. (In Kaz.).
- [2] Kazahstandyk biregejlik pen birliki nygajtu zhane damytu tuzhyrymdamasyn bekitu turaly. [Jelektronдык ресурс]. Koru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000147> (In Kaz.).
- [3] Sapozhnikova R.B. Analiz ponjatija «Identichnost»: teoreticheskie i metodologicheskie osnovaniya. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta, Serija psihologija*, 2005. 1 (45), S. 13-14. (In Russ.).
- [4] Erikson E (1968) Identity: Youth and crisis. New York, Norton & co., Cop., USA. (In Eng.).
- [5] Ozhegov S.I. Slovar' russkogo jazyka. Okolo 53 000 slov. Izd. 7-e, stereotip. M.: Sov. Jenciklopedija, 1968. S. 232. 900 s. (In Russ.).
- [6] Bol'shaja Sovetskaja Jenciklopedija. V 30 tomah. Gl. red. A.M. Prohorov. M.: Sovetskaja Jenciklopedija, 1973. T. 10. S. 39. 592 s. (In Russ.).
- [7] Kazah tilinin tusindirme sozdigi. Zhalpy redakcijasyn baskargan T. Zhanuzakov. A.: Dajk-Press, 2008. 167 b. 968 b. ISBN: 9965-798-99-0. (In Kaz.).
- [8] Kazah adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. Kurast. N. Ashimbaeva, S. Akaev, K. Rysbergenova zhane t.b. T. IV. A.: Arys, 2007. 164 b. 752 b. ISBN: 9965-17-351-6. (In Kaz.).
- [9] Kazah adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. Kurast. M. Malbakov, K. Esenova, B. Hinajat zhane t.b. T. XIV. A.: Kazah jenciklopedijasy, 2011. 718 b. 800 b. ISBN: 9965-893-60-8. (In Kaz.).
- [10] Nikiforova P.G. Problema nacional'noj identichnosti v uslovijah globalizacii. *Vestnik Bashkirskogo universiteta*, 2008. Tom 13, 2, S. 382-384. (In Russ.).

- [11] Huntington S. Kto my?: Vyzovy amerikanskoy nacional'noj identichnosti. Per. s angl. A. Bashkirova. M.: Izdatel'stvo ACT; Tranzitkniga, 2004. S. 51-53. 635 s. ISBN: 5-17-024800-8, Izdatel'stvo ACT; ISBN: 5-9578-1030-4, Tranzitkniga. (In Russ.).
- [12] Bloom W (1999) Personal Identity, National Identity and International Relations. Cambridge University Press, England. ISBN: 0-521-37316-6. (In Eng.).
- [13] Bek U. Kosmopoliticheskoe obshhestvo i ego vragi. *Zhurnal sociologii i social'noj antropologii*, 2003. T. 6, 1, S. 38. (In Russ.).
- [14] Shnejder L.B. Professional'naja identichnost'. M.: MOSU, 2000. S. 5. 256 s. ISBN: 5-89774-023-2. (In Russ.).
- [15] Gadzhiev K.S. Nacional'naja identichnost': konceptual'nyj aspekt. *Voprosy filosofii*, 2011. 10. Jelektronnyj resurs. Rezhim dostupa: [http://vphil.ru/index.php?option=com\\_content&task=view&id=400&Itemid=52](http://vphil.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=400&Itemid=52) (In Russ.).
- [16] Kadyrzhhanov R.K. Jetnokul'turnyj simvolizm i nacional'naja identichnost' Kazahstana. A., 2014. 168 s. ISBN: 978-601-304-037-0. (In Russ.).
- [17] Shajkemelov M.S. Kazahskaja identichnost'. A., 2014. 272 s. ISBN: 978-601-304-002-8. (In Russ.).
- [18] Ospanov T.T. Nacional'naja identichnost' kazahov: social'no-filosofskij analiz. Dissertation na soiskanie stepeni doktora filosofii, PhD. KazNU im. al'-Farabi, 2016. 124 s. (In Russ.).
- [19] Toktarov E.B. Rol' Interneta v transformacii nacional'noj identichnosti kazahstancev (social'no-filosofskij analiz). Dissertation na soiskanie stepeni doktora filosofii, PhD. KazNU im. al'-Farabi, 2016. 132 s. (In Russ.).
- [20] Russkikh L.V. Identichnost': kul'turnaja, jetnicheskaja, nacional'naja. *Vestnik Juzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta, Serija «Social'no-gumanitarnye nauki»*, 2013. Tom 13, 2, S. 178-179. (In Russ.).
- [21] Marguljan Ja.A. Sociokul'turnye faktory ukrepleniya nacional'noj identichnosti. *Trudy Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo instituta kul'tury i iskusstv*, 2015. Tom 206, Sociologija kul'tury: opyt i novye paradigmy, Chast' 1, S. 172. (In Russ.).
- [22] Kuznecova E.V. Jazyk i nacional'naja identichnost'. *Omskij nauchnyj vestnik, Serija «Obshhestvo. Istorija. Sovremennost»*, 2011. 3 (98), S. 102. (In Russ.).
- [23] Kochetkov V.V. Identichnost' v mezhdunarodnyh otnoshenijah: teoretičeskie osnovy i rol' v mirovoj politike. *Vestnik Moskovskogo universiteta, Serija 25, Mezhdunarodnye otnoshenija i mirovaja politika*, 2010. 1, S. 8-9. (In Russ.).
- [24] Kazahstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. *Egemen Kazahstan*, 2017. 20 sauir. (In Kaz.).
- [25] Ultyk komissijany algashky otyrysy otti. *Egemen Kazahstan*, 2017. 27 sauir. (In Kaz.).

**М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова**

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан,

## **НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ: СУЩНОСТЬ И ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ**

**Аннотация.** В современном обществе формирование национальной идентичности и ее внедрение в сознание граждан стали предметом деятельности ученых, политиков, идеологов, представителей искусства и литературы. В последнее время во многих научных работах все чаще встречается понятие национальная идентичность. Поэтому темой статьи является вопрос национальной идентичности рассматриваемой в социально-гуманитарных науках.

В программной статье Президента Республики Казахстана «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» четко отражены понимание национальной идентичности как основы и фундамента модернизации. Лидер нации дает историческую оценку сложности судьбы нашего народа. Одним из правил модернизации нового типа обозначено сохранение национального кода и национальной культуры.

Статья посвящена рассмотрению понятия национальная идентичность по междисциплинарным характерам. Обобщены сущность и основные понятия важных теорий национальной идентичности. Раскрыта роль национальной идентичности в современном мире. Рассматриваются научные труды по разным аспектам данной темы.

**Ключевые слова:** идентичность, виды идентичностей, глобализация, национальное сознание, социокультурный процесс.